

*Д. М. Дүйсенгазин,
Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы*

ТЕСТ ЖАСАУДЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ

Тесттің нақты пайда болған уақытын іздеудің әр түрлі талпыныстары географтардың көптеген батпақтардан жылғалары ағып жатқан үлкен өзеннің пайда болған мерзімін іздеуді еске түсіреді. Шамамен тест жасаудың тарихы да осындай деуге болады. Тестердің тарихын зерттеуден бұрын бірінші, тест тарихының басталуын зерттеу қажет болды, яғни олардың нағыз тарихы шығатын сол бір «батпақты» зерттеу қажет.

Б.з.б. III мыңжылдықтың ортасында Ежелгі Вавилонда жазғыштар дайындалатын мектеп түлектері сынақтан өтті. Сол кездегі білімнің кеңдігіне байланысты маманданған жазғыш месопотам өркениетінің орталық тұлғасы болды; олар даланы өлшеуді, мүлікті бөлуді, ән айтуды, музыкалық аспаптарды да ойнай білді. Сынақ кезінде оларды маталар, металл және өсімдіктер дүниесінен хабардар ма және де арифметикалық қызметтің төрт түрін білетінін, және жаза алатынын тексереді.

Ежелгі Египетте белгілі бір сынақ жүйесінен өткендер ғана абыздық өнерін үйренді. Алғашында кандидаттар қазіргі әңгімелесу деп аталатын процедурадан өтеді. Сонымен бірге биографиялық мәлеметтер, білім деңгейі анықталды, сырт келбеті бағаланды және де әңгіме жүргізе алуы айқындалды. Содан кейін еңбек ете алуы, тыңдай алуы және тыныш отыра алуы тексерілді. Ұзақ уақытты білім алу ауырлықтарына шыдай алмаймын деушілерге, храм есігінің ішкі жағынан немесе сыртқы жағынан біржола жабуын ұсынды. Жас кездерінде Пифагор осы қатаң сынақ жүйесінен және іріктеуден ойдағыдай өтіпті деп айтылады. Оқудан кейін Грецияға келіп, ол өзінің мектебін ашады, және де онда түскісі келетіндерге өзінің басынан өткендей әр түрлі сынақтардан өткендерге ғана мектептің есігі ашық болды.

Пифагор «әрбір ағаштан Меркурий шығара алмайсың дей отырып, интеллектуалды қабілеттердің ең маңызды рөлін көрсетті. Сондықтан да алдымен диагностикаға мән берді, әсіресе осы қабілеттердің қиын математикалық тапсырмалар көмегімен жасалатындығына назар аударды. Пифагор жастардың жүрісі мен күлкілеріне де аса көңіл аударған, өйткені

адамның мінезін көрсететін ең жақсы көрсеткіш күлу мәнері болып табылады деп айтқан. Ол ата-аналары мен мұғалімдерінің айтқандарына ерекше көңіл бөлген, қысылмай өз ойын жеткізуге әрбір жаңа келгендерді жеке ыждахаттылықпен бақылаған, әсіресе соңғысын шақырып, қарсыласының ойына ұялмай, батыл пікір білдіруіне мән берген.

Б.з.б. III мыңжылдығында Қытайда үкімет шенеуігі деген лауазым болған. Соған лайық, осы лауазымға кәсіби іріктеудің бірінші элементтері де пайда болды. Осы лауазымға мемлекеттік емтихан сабақтарын тапсырған жастарға ерекше көңіл бөлінді және іріктеу салтанатты түрде өтті. Қытай қоғамында бұл емтихандар мереке ретінде қабылданды. Емтихан тақырыбын императордың өзі бекітіп отырды, және талапкерлердің нәтижелерін конкурстың соңғы кезеңінде де өзі тексерді.

Адам қабілетінің диагностикасының ең көп тараған түрі сол кездерде физиогномика болды, яғни сыртқы келбеті бойынша адам қабілетін және мінезін анықтау өнері. Бұл атауды алғаш қолданған Гиппократ физиогномиканы ғылым ретінде санады. Сол кездің өзінде физиогномика бойынша алғашқы практикалық кітаптар, сонымен қатар, бірінші мамандар пайда болды.

Ежелгі Греция мен Спартада көптеген әртүрлі сынақтар қолданылғаны жөнінде көптеген айғақтар бар. Спартада жауынгерлерді тәрбиелеу жүйесі сәтті жүзеге асқан, ал Римде гладиаторларды оқыту жүйесі дамыған. Платонның айтуынша, адамдар бір-біріне ұқсас болып тумайды, олардың жұмысқа деген қабілеті де, табиғаты да әртүрлі болып келеді. Сондықтан да қандай да бір жұмысты атқарғанда өзіңнің табиғи кепілділігіңе сәйкес барлығын көп мөлшерде, жақсырақ және оңайырақ жасауға болады.

Афинада мемлекеттің күштілігі, оны басқаратын тұлғалар қабілетіне тәуелділігі туралы сұрақтар талқыланды. Платонның «мемлекет» деген жұмысында қандай басшыларды таңдау деген сұраққа Сократ былай жауап берді: «Ең сенімді, батыл, және мүмкіндігінше, ең келбеттілерді таңдау қажет; сонымен қатар, тек текті және қатаң мінезді адамды емес және де осындай тәрбиеге сәйкес келетін қасиеттері

бар адамдарды таңдау керек. Оларда ғылымға деген қабілет мықты және тез меңгергіш болуы қажет. Жақсы есте сақтау қабілеті бар, еңбексүйгіш адамдарды іздеу қажет» дейді.

Интеллектуалды қабілетті сынау нәтижелері кей кезде тәкәппарлық болып табылды. Мысалы, Девсарам атты үнді патшасы ирандықтардың даналығын сынау мақсатында оларға шахмат жіберген екен. Ирандықтар осы ойынның мәнін түсіне қоймас деп болжанды, және олар шарт бойынша, ережесін шеше алмаса Үндістанға кері жіберу қажет еді. Бірақ Важурмихр уәзір бұл ойынның ережесін түсініп, және де өзі тағы бір басқа ойын түрін тапты, ол қазір нарды деп аталатын ойын. Бұл ойынды ол Үндістанға жібереді, және үндістандықтар бұл ойынның ережесін шеше алмағандықтары анықталды. Сынақтарды қолданған жөнінде басқа да айғықтар болған, яғни олар чань буддизм атты діндік ілім негізін көрсететін материалдар. Чань буддизм оқытушылары психологиялық жағдай тудырумен қатар жұмбақтар, сұрақ-парадокстар қолданған. Бұларға тез жауап беру қажет болған, ойлануға бір секунд та берілмеген. Н.В.Абаев көрсеткендей, үйретушісінің іс-әрекетінің барлық бейнесінің күшейтілуінен чандық жекпе-жек айтыстарда сұрақтардың қойылымының оғаштығының өзі драмалық қысым тудырды (мысалы «сақалды жабайыда сақал болды ма», немесе «итте будда табиғаты барма»). Өз қарсыласын ұстап алып оған: «Айт! Айт! Тез жауап бер!» деп, психологиялық қысым тудыратын. Бұл автордың ойынша, Чаньдық парадоксалды жұмбақтар ойлаудың белгілі бір «чаньдық» кодына байланысты сынақтама ретінде қолданылады. Сынақталатын неопит бұл жұмбақтарға қалай жауап беретініне байланысты үйретуші тәжірибені тереңдетуге қандай шараларды қолдану керек екендігін анықтайды. Бұл сонымен қатар, өзінің сыртқы әдепсіздігі мен мінезінің ерсілігінің арқасында құзыретсіздігін жасыратын симулянттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Чжурчжэндер құрған Цзинь мемлекетінде емтихан нәтижелері медициналық училищені бітірушілерді бөлу үшін қолданылған. Емтиханды тапсырып шыққандардың ішінде жақсы мамандар, мемлекеттік қызметке тәжірибеден өткен дәрігерлер, ұстаздар немесе зерттеушілер ретінде орналасқан. Нашар түлектерге жеке тәжірибемен айналысуға рұқсат берілген, ал емтиханнан өтпеген тұлғаларға

дайындықтарын немесе мамандығын ауыстыру жөнінде кеңес берілген.

Ортағасырлық Вьетнамда да әр түрлі сайыстар мен емтихандар өткізілетін. Тек 2 жылдың ішінде, 1370-1372 ж.ж., барлық азаматтық шенеуіктер мен әскери қызметкерлер қайта аттестациялаудан өткен, ол мемлекеттік аппарат жұмысын жақсартуға өз септігін тигізген. Мұның нәтижесінде, Вьетнам күшті және өмірге бейім мемлекет болды. Жауынгерлік офицерлік корпустарды жасауға ерекше көңіл бөлінді. XV ғасырда емтихандар бірыңғайланды. Олар этаптар мен турлар бойынша жүргізілді, лауреаттар корольден сыйлықтар алып, олардың аттары астананың Шығыс қақпасында ілінетін «алтын тізімге» енгізілген және олардың жеңістері туралы бүкіл елге жарияланатын. Ерекше көзге түскен қатысушылардың аттары Әдебиет Храмында орнатылған арнайы тастарда қашалып жазылған.

Егер сол кездің өзінде Шығыс елдерінде жазбаша бақылау жұмыстары мен емтихандарды қолдану табиғи, кәдімгі жағдай болса, Батыс елдері туралы олай айтуға болмайды. Онда бақылаудың үйреншікті түрінен жазбаша түрге ауысу мүмкіндіктерінен психологиялық мінездегі қиындықтар туындады. Мысалы, Ұлыбританияда оқу процесінде жазбаша бақылау жұмыстарын жүргізуге қарсылақ көрсететін консервативтік дәстүрлерді жоюға жүз жыл кетті. Тағы да жүз жыл қабылдау және бітіру кезіндегі емтихандарда қолдануына кетті.

Сол Ұлыбританиядағы жазбаша жұмыстардың құндылығын, оларды оқу жұмысын ынталандыруын жоғарылату құралы ретінде екендігін Иезуиттер Ордені басқаларынан тезірек байқады. Өз беделін қолдана отырып, жазбаша жұмыстарды қолдану тәжірибесін көптеген елдерге таратты. Бұған ашық реакция ең алдымен Америкада қалыптасты. Онда 1762 жылы Йель Университетінің студенттері емтихандардың жазбаша түріне қарсы ашық сөз сөйлегені туралы айтылды. Себебі, оларға көп жаттау қажет болды.

1884 жылы АҚШ-та есептер мен жауаптар және оларды бес балдық шкаламен бағалаудан тұратын сынақтама материалдары бар алғашқы кітап шықты. Бұл кітапта математика, тарих, грамматика, статистика, навигациядан есептер болды, шығармаларды сандық бағалау әдістерімен бірге шығарма мәтіндері берілді. Бұл педагогика тарихында қарапайым статистикалық есептеулерді қолданған бірінші жағдай болды.

АҚШ-та тез таралған мұндай білімді бақылау формасы, көп жақтаушылар мен қарсыластарға ие болды. 1881 жылы Чикагодағы инспектор жазбаша бақылауға тыйым салған және оқушылардың келесі сыныпқа көшуін жазбаша бақылау арқылы емес, тек директор және мұғалімдердің көзқарасына байланысты қажеттілігі туралы мысал келтіріліп айтылады. Мұғалімнен басқа, ешкім оқушы білімін бағалай алмайды және емтихандар мен басқа бағалау формалары дұрыс ойдың келемежі болып табылады деген көзқарас қалыптасты. Осымен мектептегі қандай да бір бақылауға қарсы қоғамдақ қозғалыстар негізі салынды. Мұндай қозғалыстың шегі ХІХ ғасырдың соңында келді (1880 жылдар), оның негізінде білімді бақылаудың жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына негіз салынды.

Білімді бақылаудың қоғамдық-мемлекеттік қажеттілігі АҚШ-та 1885 жылы туындады. Нью-Йоркте, білімді бақылаудың объективті әдістерін жасақтаған кеңестердің бірі, емтихандық кеңес қызмет атқара бастады. Білімді бағалаудың жалпы мемлекеттік жүйесі 1900 жылы АҚШ-та колледж түлектерінің білімін бағалау Кеңесінің пайда болуына себеп болды.

Ресейде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ға-

сырдың басында сынақтамаларды жасақтау және оларды қолдану жөнінде сұрақтар талқыланбады және қарастырылмады. Авторлардың біреуінің жазуынша, «Білімді тексеру – менің тәжірибем бойынша ең пайдасыз, жалықтыратын және зиянды әрекет деп қарастырамын. Қажет жамандық сияқты мұғалімдер мен оқушыларды бағалау құралы ретінде ай сайынғы баға жағдайында ғана оған шыдауға болады». Осы кезден бастап, Ресей педагогикасында екі қарама-қайшы үрдіс қалыптасты: біреуі оқушылардың білімін бағалауға қарсы, екіншілері жақтаушылары.

Мақаламызда келтірілген қысқаша тарихи шолудан мынадай қорытынды шығаруымызға болады, мұнда сынақты, ежелгі өркениеттер кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі, әлем халықтарының көбінің өмірінің негізгі бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік бар. Келтірілген мәліметтер негізінде, сынақтардың пайда болуының ерте тарихи кезеңі туралы ой түюге болады. Қазіргі кезде кең ауқымда таралып жүрген ағылшын тілінен аударылған «test» (тексеру, сынақ) деген ұғымның төркіні, яғни сынақ тапсырмалары 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында пайда болды деудің тарихы әріректе жатқандығын байқаймыз.

Д. М. Дюсенгазин. Теория и история составления теста
В данной статье рассматривается теория и история теста.

D. M. Dyusengazin. Theory and history of composing the test
This article considers the theory and history of test.

Ж. Ергубекова,

Ж. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің PhD докторанты

ЭТНОМӘДЕНИ «БАТЫР» КОНЦЕПТІСІНІҢ ГИПЕРБОЛИКАЛЫҚ ТҮРДЕ СУРЕТТЕЛУІ

Эпикалық батыр, оның тұлпар, садағы мен басқа қару-жарағы эпоста, шын мәнінде, алып, аса үлкен, «теңдесі жоқ» болып суреттеледі. Мұндай гиперболизм «поэтикалық фольклорлық тәсілдің» көрінісі ретінде түсіндірілгенімен, оның негізі тұңғықта жатқан астары мифологиялық танымға тән ғаламның (космостың) әмбебаптық антропоморфтық концепциясынан бастау алады деп сенімді түрде айта аламыз.

Эпикалық этномәдени «батыр» концептісінің ең төменгі (алғашқы) лингвоментальды қабаты – мәдени-генетикалық страты бірінші адам (первопредок), ру-тайпа басы, мәдени қаһарман (культурный герой), демиург бейнесіне қатысты қалыптасқан. Осы ең көне мифологиялық бейненің кейбір реликт сипаттары түркі-монғол, соның ішінде қазақ батырлар жырларында эпикалық қаһарманның, оның